

**«Жылыойсу» МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау  
бойынша талдамалық анықтама**

**Құлсары қаласы**

**31 тамыз 2023 жыл**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында «Жылыойсу» МКК директоры 2023 жылғы 20 тамыз №121-п бұйрығы қабылданды.

Е.А.Садыков – директордың жалпы мәселелері бойынша орынбасары, С.Т.Ондасов – бас инженер, А.Ш.Сарбасова – бас есепші, О.М.Кайнолова – экономист, С.М.Жетписова – өткізу бөлімінің басшысы, А.К.Куаныш – мамандар бөлімінің инспекторы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты болып айқындалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2023 жылдың 1 жарты жылдығына жүргізілді.

**Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау**

«Жылыойсу» МКК (бұдан әрі – «Жылыойсу» МКК) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

**Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Өндірістік техникалық бөлімі бойынша 2023 жылдың 1-жарты жылдығында ауыз су құбырын жалғау қосу бойынша жеке және заңды тұлғалардан барлығы 420 өтініш келіп түсті, оның 366-сы жеке тұлғалардан, 54 заңды тұлғалардан келіп түскен. Оның - 420-сы қанағаттандырылған.

Өткізу бөлімі бойынша Құлсары қаласы бойынша төрт тұрғынға қатысты ауыз суға берешектері қате есептелінгендігі анықталынды қазіргі уақытта қайта есептеу жүргізілуде және екі дара кәсіпкерге қатысты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жазбаша өтінішін алмастан келісім шарт жасақтағаны анықталынды.

**Мамандар бөлімімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

2023 жылғы 31 маусымдағы жағдай бойынша штат саны 242 бірлікті, нақты штат саны – 147 бірлікті (құрылымдылық бөлім жұмысшы қызметкерлер) құрайды.

Талдалдау жүргізу кезінде мамандар бөлімімен бұйрықтар шығарылып, қызметкерлерді бұйрықпен таныстырмаған, жыл сайынғы міндетті медициналық тексерістен өткізілмегендігі анықталынды.

Қызметтен босату фактілері және теріс себептер бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылғандар жоқ.

### **Есеп бөлімі бойынша**

Қызметкерлердің 2023 жылдың мамыр айының еңбек ақысы кешіктіріліп 2023 жылдың 26 маусымы берілген яғни кешіктіріліп берілгендігі анықталында бұдан 2023 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір айларының әлеуметтік міндетті зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары 2023 жылдың маусым айынан бастап аударылғандығы анықталынды.

### **Мемлекеттік сатып алу бойынша**

Мемлекеттік сатып алу бойынша 16 ақпан 2023 жылы кәсіпорынға хабарлама №9394376-1 күзет қызметі бойынша лоттың №59390073-ЗЦП2 сәкес конкурс жарияланған «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күзет қызметтері үшін «079 - Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру» туралы рұқсаттың болуы көзделген. Алайда, Ұйымдастырушымен күзет қызметтері үшін құжаттаманың лицензияны жүктеу бөлігінде «Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру» туралы рұқсатын таңдап жүктелмегені анықталды.

10 желтоқсан 2021 жылы кәсіпорынға қарасты автокөліктерге қосалқы бөлшектерді мемлекеттік сатып алу бойынша лот №47189407-ЗЦП1 сәкес конкурс жарияланған болатын.

2021 жылдың 30 желтоқсаны аталған конконкурс жеңімпазы «Dos Union» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып анықталынды.

Келісім шарттың «Сатып алатын тауарлар тізімі» №1 қосымшасына да тауар бағасы қосымша құн салығымен қате көрсетіліп 139 104 теңге артық төленген.

Алайда, «Dos Union» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен артық төленген ақшасын қайтарып алу жөнінде ешқандай шара қолданбағандығы анықталынды. Қәріргі уақытта өндіріп алу үшін сотқа беру шаралары қолданылуда.

**Жоғарыда көрсетілген шаралар бойынша «Жылыойсу» мемлекеттік коммуналдық мекемесіне ұсынылады:**

1) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындау барысында кемшіліктерге жол бермеу мақсатында қызметкерлер арасында тиісті іс-шаралар, түсіндірме жұмыстары жиі жүргізу және жауапкершіліктерін күшейтуді.

